



## **Студенттерді жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасына қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі**

### **Кепілпұлға жылжымайтын мүлікті салған кезде:**

1. Несие алушының (Кепілпұлды берушінің), Несие алушының (Кепілпұлды берушінің) жұбайының жеке куәліктері (*түпнұсқасы*);
2. Несие алушының (Кепілпұлды берушінің), Несие алушының (Кепілпұлды берушінің) жұбайының СТН-і - (*түпнұсқасы*);
3. Несие алушының (Кепілпұлды берушінің) ӘЖК - (*түпнұсқасы, бар болса*);
4. Азаматтарды тіркеу кітабының (үй кітабының) нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе Несие алушының (Кепілпұлды берушінің) сәйкес елді мекенінде тұратынын растайтын анықтама. Тұрақты жазылу мекені болмаған жағдайда, студент оқитын тұрғылықты жердегі уақытша тіркелуі туралы анықтама беріледі;
5. Жылжымайтын мүлікке құқық орнатушы құжаттардың көшірмелері:
  - мүлікті иелендіру негіздемесіне байланысты - сатып алу-сату, жекешелендіру, алмастыру, сыйлыққа беру келісімі, аяқталған құрылыс объектісін пайлануға берілгені туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының акті, аукциондық сатылым протоколы, мұрагерлік құқығын кәуландыратын құжат, сот шешімі және т.б.
  - алу-беру актісі (накладная);
  - кепілдікке қойылатын мүліктің құнын төленгенін растайтын құжаттар – оны сатып алынған болса;
  - ғимараттың (пәтердің) жоспары және мұнда иесі мен жылжымайтын мүлікке құқықты тіркейтін органның белгісі көрсетіледі;
  - жылжымайтын мүлікке және онымен келісімдер жасасу құқықтарының мемлекеттік рәсімделгені туралы куәлік (*бұл құжат талап етілуге міндетті емес*);
  - Кепілпұлды берушінің құзырлы органы – заңды тұлғаның жылжымайтын мүлікті банкке кепілдікке беретіні туралы, жылжымайтын мүлік объектілерінің аты, пайдалануға берілген жылы, толық және қалдықты баланстық құны, техникалық көрсеткіштері мен ағымдағы жай-күйі көрсетілген бұл мүлікті соттан тыс сату құқығын беретіні туралы мөрмен бекітілген шешім.
6. Қамсыздандыруды ұсынатын тұлғаның кепілдікке берілетін мүлікті сатып алу кезінде некеде тұрмағандығы жөніндегі арыз (*нотариалды куәландырылған түпнұсқасы*);
7. Егер қамсыздандыруға берілетін мүлік заңдастырылған некеде сатылып алынса, осындай мүлікке қатысты жұбайлардың жалпы ортақ меншік режимі пайдаланылады:



- кепілпұлды берушінің – жеке тұлғаның некеге тұруы туралы куәлік (некені бұзуы туралы куәлік) - *(нотариалды куәландырылған көшірмесі)*;
  - жұбайының, оның ішінде бұрынғы жұбайы, егер некені бұзу күнінен 3 (үш) жыл аспаса және ажырасу кезінде жұбайлардың ортақ меншігі болған мүлік бөлінбесе, кепілдік мүлікті кепілге (мүлікті сатуға, талап ету құқығынан шегіну, кепілдемені ұсыну) және соттан тыс сатуға (акцепсіз тартып алу) нотариалды куәландырылған келісуі (келісуде мүлікті айқындайтын мәліметтердің барлығы, және жауапкершілігі бойынша мүлік кепілге берілетін тұлғалар тізімі көрсетіледі) (түпнұсқасы) – *жұбайлар арасындағы келісім бойынша немесе сот шешімімен қамсыздандырудың мәні болып табылатын мүлік жұбайлардың үлестік меншігі немесе меншік құқығымен жұбайлардың біріне немесе сәйкес бөліктерде әрбіреуіне тиесілі болған жағдайда ұсынылады*;
  - жұбайлар арасында жасалған неке келісімі *(нотариалды куәландырылған көшірмесі)* – бұл келісім бойынша қамсыздандыру мәні болып табылатын мүлікке жұбайы жеке иелік ету құқығы анықталған жағдайда ұсынылады;
  - жұбайлар арасында жасалған ортақ мүлікті бөлісу туралы келісімі *(нотариалды куәландырылған көшірмесі)* – бұл келісімде қамсыздандыру мәні болып табылатын мүлікке иелік етудің басқа режимі (яғни, жұбайлардың жалпы ортақ меншігі режимінен басқа) анықталған жағдайда ұсынылады.
8. Банк аккредитациясынан өткен тәуелсіз бағалаушы компанияның мүлікті бағалауы туралы есеп – *(түпнұсқасы)*;
  9. Несие алушының және оның ата-анасының (қамқоршыларының, тәрбиешілерінің) тіркелген жеріндегі жылжымайтын мүліктің жоқтығы туралы тіркеу органының анықтамасы;
  10. Жылжымайтын мүлікке ауыртпалықтың жоқтығы туралы тіркеу органының анықтамасы – *(түпнұсқасы)*;
  11. Несие алушының банк заемы туралы келісімге қол қоюға ата-анасының (қамқоршыларының, тәрбиешілерінің) келісу арызы (несие алушының көмелеттік жасқа толмаған жағдайында қажет), ерекше жағдай – ата-анасы (қамқоршылары, тәрбиешілері) болмағанда - *(нотариалды куәландырылған көшірмесі)*;
  12. ЖОО-мен білім алуға келісімі – *(түпнұсқасы)*;
  13. Семестрлік оқу үшін төленетін шот – *(түпнұсқасы)*;
  14. Оқу орнынан алынған анықтама, мұнда несие алушының мамандығы, курсы, оқитын түрі, орташа үлгерімі көрсетулуі тиіс – *(түпнұсқасы)*;
  15. Кесте 1-ге (төменірек қараңыз) сәйкес, клиенттің әлеуметтік дәрежесін растайтын анықтама *(түпнұсқасы)*.

## **«Қаржылық орталық» АҚ және ЖОО кепілдемесі ұсынылған жағдайда:**

1. Несие алушының, Несие алушының жұбайының жеке куәліктері - *(түпнұсқасы)*;
2. Несие алушының, Несие алушының жұбайының СТН-і - *(түпнұсқасы)*;



3. Несие алушының (Кепілпұлды берушінің) ӘЖК - *(түпнұсқасы, бар болса)*;
4. Азаматтарды тіркеу кітабының (үй кітабының) нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе Несие алушының (Кепілпұлды берушінің) сәйкес елді мекенінде тұратынын растайтын анықтама. Тұрақты жазылу мекені болмаған жағдайда, студент оқитын тұрғылықты жердегі уақытша тіркелуі туралы анықтама беріледі;
5. Несие алушының және оның ата-анасының (қамқоршыларының, тәрбиешілерінің) тіркелген жеріндегі жылжымайтын мүліктің жоқтығы туралы тіркеу органының анықтамасы- *(түпнұсқасы)*;
6. Несие алушының банк заемы туралы келісімге қол қоюға ата-анасының (қамқоршыларының, тәрбиешілерінің) келісу арызы (несие алушының көмелеттік жасқа толмаған жағдайында қажет), ерекше жағдай – ата-анасы (қамқоршылары, тәрбиешілері) болмағанда - *(нотариалды куәландырылған көшірмесі)*;
7. ЖОО-мен білім алуға келісімі – *(түпнұсқасы)*;
8. Семестрлік оқу үшін төленетін шот – *(түпнұсқасы)*;
9. Оқу орнынан алынған анықтама, мұнда несие алушының мамандығы, курсы, оқитын түрі, орташа үлгерімі көрсетулуі тиіс – *(түпнұсқасы)*;
10. Кесте 1-ге (төменірек қараңыз) сәйкес, клиенттің әлеуметтік дәрежесін растайтын анықтама *(түпнұсқасы)*.

## Кесте 1

<b>Студенттің әлеуметтік дәрежесі</b>	<b>Растайтын құжаттар</b>
Жетім студенттер және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер	жергілікті атқарушы органдардың қамқор және тәрбиелеу бөлімінің анықтамасы (ҚР Білім және ғылым министрлігінің құзырында)
Мүгедек студенттер	ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің территориалды органының мүгедектік туралы анықтамасы
Ата-анасы мүгедек студенттер	ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің территориалды органының мүгедектік туралы ата-анасының атына берілген анықтама
көп балалы отбасыдан шыққан студенттер	Көмелеттік жасқа толмаған бірге тұратын төрт және одан көп балалары бар көпбалалы жанұя ретінде арнайы мемлекеттік жәрдемақыны алатыны туралы Зейнетақы төлейтін мемлекеттік орталықтың анықтамасы



кедей немесе толық емес отбасылардан шыққан студенттер	Кедей немес толық емес отбасы деңгейін растайтын ауыл Әкімінің, ауылдық село округінің, ал қалада – жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің анықтамасы
ата-анасы зейнетақы жасына жеткен студенттер	Ата-анасының зейнеткерлік дәрежесі туралы Зейнетақы төлейтін мемлекеттік орталықтың анықтамасы

**Білім алу үшін кезекті транш берілгенде ұсынылатын құжаттар тізімі:**

1. Несие алушының алдыңғы оқу мерзіміндегі академиялық үлгерімін растайтын, бағалары көрсетілген ЖОО анықтамасы (*түпнұсқасы*);
2. Оқу бағасы артқан жағдайда, жоғару оқу орнымен жасасқан келісімге қосымша келісім (*бар болса, түпнұсқасы*);
3. Несие алушының жеке куәлігі - (*түпнұсқасы*);
4. Несие алушының СТН-і - (*түпнұсқасы*);
5. Семестрлік оқу үшін төленетін шот – (*түпнұсқасы*).